## 2009 жылы жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 10 наурыздағы N 65 қаулысы. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 сәуірде N 60 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 17 ақпандағы N 26/1-28/73 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2011.02.17 N 26/1-28/73 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабының 1-тармағының 14-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес сондай-ақ, жекелеген санаттағы аудан азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемақы тағайындау жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. "Ақтоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі 007 "Жергілікті ұйымдар шешімі бойынша жеке топтағы азаматарға әлеуметтік арналған көмек" бюджеттік бағдарлама ассигнованиесінің шегінде уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Аудан әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылсын:

1) Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 21 сәуірдегі N 75 "Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемақы тағайындау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12-4-40 болып тіркелген, "Ауыл тынысы - Пульс села" газетінің 2008 жылғы 17 мамырдағы N 22-23 жарияланған);

2) Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 29 қазандағы N 222 "Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемақы тағайындау жөніндегі Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12-4-50 болып тіркелген, "Ауыл тынысы - Пульс села" газетінің 2008 жылғы 13 желтоқсандағы N 52-53 жарияланған);

3) Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 17 қарашадағы N 247 "Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 21 сәуірдегі N 75 "Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемақы тағайындау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12-4-51 болып тіркелген, "Ауыл тынысы - Пульс села" газетінің 2008 жылғы 20 желтоқсандағы N 54-55 жарияланған).

4. Осы қаулы ресми жарияланған бірінші күннен бастап он күн өткеннен соң іске кірістіріледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.З. Ысқақоваға міндеттелсін.

*Аудан әкімі М. Көбенов*

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 10 наурыздағы N 65 қаулысымен бекітілді

**Жекелеген санаттағы азаматтарға**
**әлеуметтік төлемақы тағайындау жөніндегі**
**Нұсқаулық**

1. Осы Нұсқаулық жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемақы тағайындау жөнінде Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі " Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес төлемақы төлеуді реттейді.

2. Әлеуметтік бір реттік материалдық көмек алуға құқысы бар келесі санаттағы адамдар:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан оралған тұлғалар;

2) онкология ауруынан емделуді қажет ететін азаматтар;

3) екі тонна көмір сатып алуға табыстары кедейшілік деңгейінен аспайтын аз қамтылған азаматтар;

4) табыстары азық-түлік себетінен аспайтын зейнеткерлерге және 1, 2 топтағы мүгдектерге;

5) Чернобыль атом электростанциясы апатының зардабын жоюға қатысушылар және Ауған соғысының жауынгерлеріне;

6) Жаңа жылға және жаңа оқу жылына аз қамтамасыз етілген отбасындағы балалар, толық жетімдер, мүгедек балаларға;
7) аудан үшін қажетті педагогика, медицина қызметкерлерін және басқа да мамандарды даярлау үшін – атаулы әлеуметтік көмек алушылар, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан, ата–ана қамқорлығынсыз қалған орта мектеп бітірушілер;
8) Кіріс көзі күнкөріс себетінен аспаған аз қамтылған отбасындағы студенттер және ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетімдер - ауданға қажетті педагогикалық, медициналық және басқа да мамандар бойынша кадрларды дайындау;
9) Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне:
10) Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілгендер, марапатталған тыл еңбеккерлеріне, қайтадан неке құрмаған жесірлерге, гетто, концлагердің кәмелетке толмаған тұтқындары;
11) Аудан бойынша "Ауданның құрметті азаматы" дәрежесі бар зейнеткерлер ;
12) туберкулезбен ауыратын және емделуде жүргендер;
13) Ақтоғай ауданы туберкулезге қарсы ауруханасында ауырғандардың тіркеуде тұрғандары;
14) мүгедек церебралдық сал ауруға шалдыққан балалары бар отбасылар;
15) отбасының құрамы мен табысына байланысты емес төмендегі санаттағы азаматтарды (зейнетақы және мемлекеттік атаулы әлеуметтік жәрдемақы алушылардан басқа) жерлеуге;
а) жұмыспен қамту бөлімінде есепте тұрған жұмыссыздар;
б) жұмыспен қамту орталығында тіркеуде тұрған, тұрмағанына қарамай, зейнеткерлік жас алдындағы жұмыс істемеген ерлер - 60 жастан, әйелдер 55 жастан;
в) жұмыспен қамту орталағында тіркелуіне және жасына байланысты емес Ауған соғысы қимылдары мен Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысқандар;
16) табысына қарамай 18 жасқа дейінгі бала жасынан мүгедек-балаларды үйде тәрбиелейтін отбасылар;
17) мамандығы бойынша жұмысқа орналастырылған жоғарғы оқу орнын бітіріп келген жас мамандарға;
18) табысына тәуелді емес, өрттен, су тасқынынан, басқа да табиғи зілзала салдарынан киім-кешектері, пәтерлері, мүліктері толық немесе ішінара бүлініп, күнкөріссіз қалған тұлғалар (бұрынғы алған бір жолғы көмекке байланысты емес ) ;
19) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың ішінен аз қамтамасыз

етілген азаматтар жеке шараушылығын немесе бизнесін дамыту үшін мал сатып және шөп сатып алу үшін;

20) ең төменгі мөлшердегі зейнетақы алатын зейнеткерлер;

21) "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жолдамасымен кәсіби - мектепте оқитындарға шікіртақы төлеу;

22) барлық топтағы мүгедектерге;

23) жетім балаларға;

24) бейбітшілік кезеңде қаза тапқан жауынгерлердің отбасыларына;

25) жалғызбасты зейнеткерлер, коммуналдық қызмет көрсетуді өтеуге;

26) уақытында ауруханаға тіркелген және дәрігерлердің кеңесін орындаған жүкті әйелдерге;

27) аз қамтамасыз етілген азаматтарды құжаттандыруға;

28) табысы кедейшілік деңгейінен аспайтын қант диабетімен ауыратын аз қамтамасыз етілген азаматтарға дәрілік құралдарды өтеуге;

29) кеуде сүтімен емізетін балалары бар аналарға бала азығын алуға;

30) жоғарғы медициналық оқу орындарының соңғы курстарының студенттері ;

31) нұсқаулықтың 2 тармағында көрсетілген азаматтардың өтініштері бойынша біржолғы көмек.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2009.09.09 N 159; 2009.11.18 N 189 қаулыларымен.

3. "Жергілікті өкілетті ұйымдар шешімімен жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемақы" бюджеттік бағдарламасы бойынша төлемақы төленеді.

4. Нұсқаулықтың 2-тармағында көрсетілген жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемақылар және басқа әлеуметтік көмек түрлерін беруге келесі құжаттар қажет:

1) 2-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - бас бостандығынан айыру орнынан босатылғаны туралы анықтама, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, шот нөмірі;

2) 2-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін- Павлодар облыстық онкологиялық диспансердің анықтамасы, азаматтарды тіркеу кітабының, жеке бас куәлігінің, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, шот нөмірі;

3) 2-тармағының 3, 4-тармақшаларында көрсетілген санаттағылар үшін селолық округі әкімінің қолдау хаты, селолық округтің тұрмыс жағдайын тексеру актісі, жеке басы куәлігінің, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, шот нөмірі, отбасылық табысының анықтамасы, мал дәрігерінің анықтамасы;

4) 2-тармағының 5-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін жеке бас куәлігінің, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, шот нөмірі, азаматтардың тіркеу кітабының көшірмесі, Ауған соғысына және Чернобыль атом электростанциясының апатын жоюға қатысқанын растайтын куәлігі;

5) 2-тармағының 6-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін "Ақтоғай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі, "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің тізімі бойынша;

6) 2-тармағының 7, 8-тармақшаларында көрсетілген санаттағылар үшін тұрғын үй–тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, отбасылық табысының анықтамасы, білім беру қызметін көрсетуге үшжақты келісім, Интернет бойынша оқуға келісімдер, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, шот нөмірі;

7) 2-тармағының 9-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін еңбек және соғыс ардагерлері кеңесінің қолдау хаты мен келісілген тізім, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, шот нөмірі;

8) 2-тармағының 10-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін "Қазақстан Республикасы еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнының Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандық бөлімшесімен және аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесімен келісілген тізімге сәйкес. Тізімдерде аты-жөні, туған күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, мекенжайы, жеке шотының нөмірі және төлем сомасы көрсетіледі.

9) 2-тармағының 11-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін дәрежесін анықтайтын куәліктің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, шот нөмірі;

10) 2-тармағының 12, 13-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін төлемдер "Ақтоғай ауданы туберкулезге қарсы аурухана" мемлекеттік мекемесі тізімі негізінде жүргізіледі, туберкулезге қарсы аурухананың анықтамасы, азаматтарды тіркеу кітабының, жеке басы куәлігінің, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, шот нөмірі;

11) 2-тармағының 14-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін азаматтарды тіркеу кітабының, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, ата анасының бірінің шот нөмірі, дәргерлік-кеңестік комиссияның анықтамасы;

12) 2-тармағының 15 а, б, в-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін өтініш жасаған туысының өтініші негізінде жеке бас куәлігінің, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, шот нөмірі, қайтыс болғанын растайтын

куәлігі;

13) 2-тармағының 16-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін діргерлік-кеңестік комиссияның анықтамасы, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі және ата-анасының біреуінің шот нөмірі;

14) 2-тармағының 17-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін жоғарғы оқу орны түлектерінің бірінің өтініші, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке басы куәлігінің көшірмесі, шот нөмірі, еңбек келісім-шартының көшірмесі, жұмысқа қабылданғаны туралы бұйрық, азаматтарды тіркеу кітабының, оқу орнын аяқтағаны туралы дипломның көшірмесі;

15) 2-тармағының 18-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін өртке қарсы қызметтің қорытындысы, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, азаматтарды тіркеу кітабының, жеке бас куәлігінің, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмелері, шот нөмірі;

16) 2-тармағының 19-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін селолық округі әкімінің қолдау хаты, азаматтарды тіркеу кітабының, жеке бас куәлігінің, салық төлеушінің, тіркеу нөмірінің көшірмелері, шот нөмірі, мал дәрігерінен анықтама, ірі қара малдың төлқұжаты;

17) 2-тармағының 20-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін "Қазақстан Республикасы еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнының Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандық бөлімшесімен келісілген тізім, азаматтарды тіркеу кітабының, салық төлеушінің нөмірінің көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, шот нөмірі;

18) 2-тармағының 21-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жолдамасына сәйкес, азаматтарды тіркеу кітабының, салық төлеушінің нөмірінің көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, шот номірі ;

19) 2-тармағының 22-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін азаматтарды тіркеу кітабының, салық төлеушінің нөмірінің, жеке бас куәілігінің көшірмесі, шот нөмірі, медициналық - әлеуметтік сараптаманың мүгедектік туралы анықтамасы;

20) 2-тармағының 23-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін "Ақтоғай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұсынған тізімге сәйкес, қорғаушының немесе қорғанушының салық төлеушінің нөмірінің көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, шот нөмірі көшірмесі;

21) 2-тармағының 24-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін "

Қазақстан Республикасы еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы" Республикалық мемлекеттік Қазыналық кәсіпорынның Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандық бөлімшесінің тізіміне сәйкес, салық төлеушінің нөмірінің көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, шот нөмірі;

22) 2-тармағының 25-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін " Қазақстан Республикасы еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мемелекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы" Республикалық мемелекеттік Қазыналық кісіпорынның Павлодар облыстық филиалы Ақтоғай аудандык бөлімшесімен келісілген тізіміне сәйкес. Тізімдерде аты-жөні, туған күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, мекенжайы, жеке шотының нөмірі және төлем сомасы;

23) 2-тармағының 26-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін төлемдер жеке өтініші негізінде жеке шоты көрсетіліп, жүргізіледі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабы мен медициналық анықтама, селолық округ әкімінің қолдаухаты, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, жеке бас куәлігінің, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі;

24) 2-тармағының 27-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, жеке бас куәлігінің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, шот нөмірі, селолық округ әкімінің қолдаухаты, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі;

25) 2 тармақтың 28) тармақшасында көрсетілген санаттарға арналған - жеке шоты көрсетілген арызы негізінде, азаматтық тіркеу кітабының көшірмесі, жеке куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, "Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы" қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында есепте тұратын мәліметті растайтын анықтама, шот нөмірі;

26) 2-тармақтың 29-тармақшасында көрсетілген санаттар үшін есеп шотының , жеке куәлігінің, тіркелген салық нөмірінің және медициналық мекеменің анықтамасы мен азаматтарды тіркеу кітабы көрсетілген өтініш негізінде;

27) 2 тармақ 30) тармақшасында көрсетілген санаттарға - оқу орнының анықтамасы, білім беру қызмет көрсету бойынша үш тарапты шарттың көшірмесі , интерн бойынша оқу шартының көшірмесі, жеке куәліктің көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, шот нөмірі;

28) 2 тармақтың 31) тармақшасында көрсетілген санаттарға – аудан әкімі атына жазған өтініш, жеке куәліктің көшірмесі салық төлеушінің тіркеу нөмірі, есеп шот нөмірі, әлеуметтік жеке код, ұлы отан соғысына қатысушылар мен оларға тенестірілгендерге ардагерлер кеңесінің қолдау хаты, кемістік актісі, смета, орындалған жұмыстардың актісі, тұрғын үй тексеру актісі, кірістері

жөніндегі анықтама, мал дәрігерінең анықтамасы, сатып алынатын малдың паспорты, малды сатып алу және сату келісім шарты.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Актоғай аудандық әкімдігінің 2009.09.09 N 159; 2009.11.18 N 189 қаулыларымен.

5. Әлеуметтік төлемақылар Ереженің 2-тармағында көрсетілген азаматтарға тағайындалады:

1) 2-тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген санттағылар үшін 1 айлық есептесу көрсеткіші мөлшерінде құжаттандыруды жүргізу үшін, 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

2) 2-тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген санаттағыларға 6 айлық есептесу көрсеткіші мөлшерінде;

3) 2-тармақтық 3, 4-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін қатты отынға белгіленген баға бойынша;

4) 2-тармақтың 5-тармақшасында көрсетілген санаттағылар тоқсан сайын сауықтыруға 3 айлық есептесу көрсеткіш мөлшерінде, 5000 теңге мөлшерінде бір жолғы көмек, коммуналдық қызметтерді айыру үшін ай сайын 1,5 айлық есептесу көрсеткіші мөлшерінде;

5) 2-тармақтың 6-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) 2-тармақтың 7-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін орта мектеп бітірушілерінің облыстық жоғарғы оқу орындарында оқуы үшін жасалған келісім шартқа сәйкес;

7) 2-тармақтың 8-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін студенттердің жатуына, тамақтануына және тұрып жатқан мекенжайына барып қайтуына, ай сайынғы төлемақы 5000 теәге мөлшерінде;

8) 2-тармақтың 9-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін:

а) ай сайын дәрі-дәрмек алуына көмек 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

б) сыйлық жинақтары үшін 7000 теңге, аудан әкімінен Жеңіс күніне 15000 теңге ақшалай материалдық көмегі;

в) мерзімдік басылымдарға жазылуға наұты бағамен;

г) жүру билеттерінің бар-жоғына қарамастан тоқсанына бір рет облыс орталығына барып-қайту жол ақысын төлеу;

д) Республикалық госпитальдарға – жол жүру құжаттары бойынша;

е) ай сайын 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде коммуналдық қызметтерді айыруға төлемақы;

ж) бір реттік материалдық көмек 5000 тенге мөлшерінде төлемақы;

з) бір реттік материалдық көмек 15000 тенге мөлшерінде төлемақы;

и) бір реттік материалдық көмек электрлік жылытуды орнату белгіленген баға бойынша;

9) 2-тармақтың 10-тармақшасында көрсетілген санаттағыларға Жеңіс күніне 5000 теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек, Ұлы Отан соғысында қаза болғандардың екінші рет некеге тұрмаған жесірлерге, гетто, концлагердің кәмелетке толмаған тұтқындарына ай сайын 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде коммуналдық төлемақы;

10) 2-тармақтың 11-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін қарттар күніне бір реттік көмек 10000 теңге мөлшерінде, сауықтыру үшін 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

11) 2-тармақтың 12-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін жақсы тамақтануына 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір реттік көмек облыс ішінде жол ақысы 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

12) 2-тармақтың 13-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

13) 2-тармақтың 14-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін бір жолғы материалдық көмек – облыстық оңалту орталығына жіберу үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ай сайын 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде коммуналдық төлемақы;

14) 2-тармақтың 15-тармақшасында а,б,в көрсетілген санаттағылар үшін бір жолғы материалдық көмек – 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

15) 2-тармақтың 16-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін бір жолғы материалдық көмек – 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

16) 2-тармақтың 17-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін жоғарғы оқу орнын бітіргендерге 100000 теңге, отбасы бар жоғары оку орнын бітіріп келген медицина қызметкерлеріне 500000 теңге, жалғыз басты медицина қызметкерлеріне 250000 теңге мөлшерінде;

17) 2-тармақтың 18-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін бір рет 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

18) 2-тармақтың 19-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін бір жолғы көмек 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және шөп сатып алу үшін 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде;

19) 2-тармақтың 20-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін тоқсан сайын 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

20) 2-тармақтың 21-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін ай сайын 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

21) 2-тармақтың 22-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

22) 2-тармақтың 23-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы көмек;

23) 2-тармақтың 24-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін 3 айлық

есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы көмек;
24) 2-тармақтың 25-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін тоқсан сайынғы материалдық көмек 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
25) 2-тармақтың 26-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін бір реттік материалдық көмек 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
26) 2-тармақтың 27-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін бір реттік материалдық көмек 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
27) 2 тармақтың 28 тармақшасында көрсетілген санаттарға - 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы көмек;
28) 2-тармақтың 29 тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін тоқсан сайын көмек 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде
29) 2 тармақтың 30) тармақшасында көрсетілген санаттарға оқу төлемі шартқа сәйкес;
30) 2 тармақ 31) тармақшада төлем халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары бойынша комиссияның шешіміне сәйкес.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Актоғай аудандық әкімдігінің 2009.09.09 N 159; 2009.11.18 N 189 қаулыларымен.

6. Төлемақылар "Қазпочта", "Халық банкі" акционерлік қоғамы филиалдары арқылы өтініш берушілердің жеке есеп шоттарына ақша қаражаттарын аудару жолымен жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік төлемақы тағайындауға алғашқы рет тапсырылған құжаттар (хаттама, тексеру актілері, анықтамалар, тізімдер және тағы басқалары) "Актоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" Мемлекеттік мекемесінің мұрағатында 3 жыл сақталады.

8. "Актоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" айдың 20-сына дейін "Актоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бюджеттік бағдарламалар бойынша әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз ету үшін сұраныс ұсынады.

9. "Актоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" әлеуметтік төлемақы төлеу туралы есепті "Актоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК